

**"Қазақстан Республикасындағы аудиторлық қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңын күшіне енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің қаулысы 1993 жылғы 18 қазан. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 1998.11.20. N 305 Заңымен. ~Z980305

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасындағы аудиторлық қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңы Z933100\_ жарияланған күннен бастап күшіне енгізілсін.
2. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті:
  - Үкіметтің шешімдерін "Қазақстан Республикасындағы

аудиторлық қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңына сәйкестендіретін болсын;

- Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволарының осы Заңға қайшы келетін қалыпты құжаттарын қайта қарап, күшін жоюын қамтамасыз етсін;

- "Қазақстан Республикасындағы аудиторлық қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының қолданылуы үшін қажетті қалыпты құжаттар қабылдасын.

Қазақстан Республикасы  
Жоғарғы Кеңесінің төрағасы